

Жүз тоғызыншы тарау — Оның келуіне дайын болу

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Оның келуіне дайын болу» деген тақырыпты қарастырамыз.

Киелі кітап бізге Жаратқан Иенің қашан келетінін болжамауды, Оның қайта келуіне бола алаңдамауды және бұл оқиғадан бейхабар қалмауды үйретеді. Біз: «Мұнда тұрған ештеңе жоқ», — деп, Оған дайындалуды кейінге қалдырмауымыз керек.

Осы заманның аяқталуы Исаның қайта келуімен ерекшеленеді. Адамзат тарихы аяқталған кезде, Жаратқан Иеміздің Өзі осында болады. Оның нақты қашан келетінін ешкім білмейтіндіктен, Киелі кітаптың барлық тәлімі бізді дайын болуға шақырады. Сондықтан мүмкіндік барда, дәл қазір дайындалуымыз керек. Бүгін мен сіздермен Оның келуіне қалай дайын болу керектігі туралы сөйлескім келеді. Иса ақырзаман жайында көп айтқан. Матай жазған Ізгі хабардың 24:42–51-аяттарынан мынадай тәлімді оқимыз:

«Сондықтан сергек болыңдар: сендер Қожайындарыңның қай күні қайтып келетінін білмейсіңдер! Мынаны еске алыңдар: егер үй иесі ұрының түннің қай мезгілінде түсетінін білетін болса, онда ол ұйықтамай, сергек болып, ұрының бұзып кіруіне жол бермес еді. Сол сияқты, сендер де дайын болыңдар! Өйткені сендер күтпеген сәтте Мен Билеуші ретінде көктен қайтып келемін!

(Иса сөзін одан әрі жалғастырып былай деді:) — Адал да саналы қызметшідей болыңдар! Қожайыны бір қызметшісін үйіндегі өзге малайларының үстінен қарап, ас-суларын уақтылы беруге тағайындады. Қожайыны қайтып келгенде оның өз міндетін атқарып жүргенін көрсе, сол қызметші бақытты! Сендерге шын айтамын: оны бүкіл меншігін қараушы етіп тағайындамақ.

Ал егер әлгі қызметші жаман болып, іштей: «Қожайыным жуырда келе қоймас» деп, өзге малайларды ұрып-соғып, маскүнемдермен бірге ішіп-жеп думандатса, онда қожайыны күтпеген күні, ойламаған сәтте келіп, оны аяусыз жазалап, екі жүзділердің кебінін кигізеді. Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады».

Өзінің қайта келуіне дайын болудың маңызын үйрету үшін Иса үш ҚЫЗМЕТШІНІҢ іс-әрекетін мысалға келтірді.

СЕРГЕК ҚЫЗМЕТШІ бізге дайын болудың үлгісін көрсетеді. Иса Өзінің қайта келетін уақытының белгісіз екенін айтты. Оның нақты қашан келетінін ешкім білмейді. Құдай Өзінің мейірімі мен рақымына сай, бұл уақытты бізден жасырды. Сондықтан Жаратқан Иенің қай уақытта және қашан қайта келетінін ешкім нақты айта алмайды.

Оның келетін уақыты алдын ала жарияланған жоқ. Сергек қызметші әр сәтте дайын болуға тиіс. Мұны түсіндіру үшін Иса өте қызықты мысал келтірді. Егер үй иесі ұрының үйіне қашан түсетінін білсе, ол түні бойы ұйықтамай, үйін күзетер еді. Бірақ ұры оның мүлкін ұрлауға қашан келетінін алдын ала айтпайды. Сондықтан үй иесі сергек отырмаса, ұрының қашан келіп кеткенін де білмей қалады.

Бұдан кейін Иса Өзінің адамдар күтпеген уақытта келетінін айтты. Адам Ұлы адамдар Оның келуін мүлде күтпеген сәтте келеді. Адамдар бұл туралы ойламай жүрген кезде, Жаратқан Ие қайта оралады. Сондықтан дайын болу үшін сергек жүруіміз өте маңызды. Біз осы сергек қызметшіге ұқсап, Оның келуіне әрдайым дайын болуымыз керек. Сонда Оның келуі біз үшін күтпеген жағдай болмайды.

САНАЛЫ ҚЫЗМЕТШІ бізді берілген нұсқауларды орындауға шақырады. Иса бұл жағдайды қожайынның өз қызметшілерінің арасынан саналы біреуін таңдап, оны бүкіл үй шаруашылығына жауапты етіп тағайындауымен салыстырды. Қожайыны оны үйіндегі басқа қызметшілердің үстінен қарап, оларға ас-суларын уақтылы беруге тағайындады. Осы саналы қызметшіге өзге қызметшілердің барлық қажеттілігін қадағалау тапсырылды. Бұл — өте маңызды міндет еді.

Егер қызметші саналы әрі адал болып, қожайынының барлық тапсырмасын орындаса, қожайыны қайтып келгенде оны өз міндетін атқарып жүрген жерінен табады. Өйткені ол қожайынының бұйрықтарын орындап жүрді.

Қызметші өзіне тапсырылған міндетті адал атқарса, қожайыны оған риза болып, оны бүкіл меншігіне жауапты етіп тағайындайды. Қызметші барлық істе қожайынының тапсырмасын дәл орындауға тырысады. Сондықтан мен оны саналы қызметші деп атаймын. Қожайыны қайтып келіп, оның берілген тапсырмаларды орындап жүргенін көргенде, оны бүкіл меншігін басқарушы етіп тағайындайды. Бұл оның алатын сыйы болмақ.

Қожайынының қалауын орындағаны үшін берілетін қандай керемет сый! Әрқайсымыз оны саналы әрі адал қызметші деп атар едік. Сондықтан Жаратқан Иенің келуіне дайын болу үшін біз де саналы болып, Оның тапсырмаларын орындауымыз және оларды адал атқаруымыз керек.

ЖАМАН ҚЫЗМЕТШІ бізге Құдайдың қасиетті Сөзін елемеудің қаншалықты ақылсыз екенін ескертеді. Бұл жерде Исаның тәлімі өзгеше бағыт алады.

Жаман қызметшінің ойында зұлым ниет пайда болды. Ол іштей: «Қожайыным жуырда келе қоймас», — деді. Оның ойынша, қожайыны күткен уақытта қайтып келмейтін еді.

Содан кейін бұл жаман қызметші теріс әрекеттер жасай бастады. Ол жаман оймен ғана шектелмей, оны ісімен де көрсетті. Өзге қызметшілерді қорлап, ұрып-соқты. Бірге қызмет етіп жүрген адамдарға қатыгездік танытып, маскүнемдермен бірге ішіп-жеп, думандатты. Ол қожайыным жақын арада келмейді деп ойлағандықтан, жаман істерін жалғастыра берді.

Бірақ қожайыны қызметшісі күтпеген күні қайтып келеді. Ол жаман қызметшісін қапыда қалдырып, оның адал болмағанын көреді. Оны зұлым істер жасап жүрген жерінен ұстайды. Қожайыны оның зұлымдығын тоқтатып, екіжүзділердің кебін кигізеді. Ол жаман қызметшінің істегендерін назардан тыс қалдырмайды. Иса мұндай қызметшінің зар еңіреп жылап, қинала тістенетінін айтты.

Сондықтан Жаратқан Иенің қайта келуіне дайын болу үшін зұлымдықтан аулақ жүруіміз керек. Біз іштей: «Ол жуырда келе қоймас», — деп ойламауымыз керек. Жаратқан Ие келген кезде біздің дайын болғанымызды қалайды.

Ендеше, осы қызметшілердің іс-әрекетінен сабақ алайық. Саналы әрі адал болайық. Зұлымдықтан аулақ жүрейік. Өйткені Жаратқан Ие келе жатыр!